

Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау және Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен байланыс арнасын айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы N 323 Қаулысы.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.02.2018 № 44 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне, Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкіне мүшелігі туралы" 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3 және 5-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.02.2018 № 44 қаулысымен

1. Мыналар Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдері болып тағайындалсын:

1) Халықаралық Валюта Қоры:

Басқарушы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Тимур Мұратұлы Сүлейменов (келісу бойынша),

Басқарушының орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Дәурен Маратұлы Кеңбейіл;

2) Халықаралық Қайта құру және Даму банкі:

Басқарушы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрі Нұрлан Серікұлы Байбазаров,

Басқарушының орынбасары - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Абзал Әлиұлы Әбдікәрімов;

3) Еуропа Қайта құру және Даму банкі:

Басқарушы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Мәди Төкешұлы Такиев,
Басқарушының орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Дәурен Маратұлы Кеңбейіл;

4) Азия Даму Банкі:

Басқарушы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрі Нұрлан Серікұлы Байбазаров,

Басқарушының орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Дәурен Маратұлы Кеңбейіл;

5) Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі:

Басқарушы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрі Нұрлан Серікұлы Байбазаров,

Басқарушының орынбасары - Қазақстан Республикасының Көлік вице-министрі Сәтжан Әйтенұлы Аблалиев;

б) Ислам Даму Банкі:

Басқарушы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрі Нұрлан Серікұлы Байбазаров,

Басқарушының орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Дәурен Маратұлы Кеңбейіл.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.04.2024 № 291 қаулысымен.

1-1. Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі Келісімінің Баптарын іске асыруға байланысты барлық мәселелер бойынша АИИБ-мен байланыста болу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі ресми орган болып айқындалсын.

Ескерту. Қаулы 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 08.02.2018 № 44 қаулысымен

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі